

Белгілерді тіркеу үшін тауарлар мен қызметтердің халықаралық жіктемесі туралы Ницца келісіміне Қазақстан Республикасының қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 16 қараша N 258-II

Ниццада 1957 жылғы 15 маусымда жасалған Белгілерді тіркеу үшін тауарлар мен қызметтердің халықаралық жіктемесі туралы Ницца келісіміне Қазақстан Республикасы қосылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

ТАУАР ТАҢБАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ЗАҢДАР ТУРАЛЫ ШАРТ

(2002 жылғы 24 сәуірде күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)

1-бап Қысқартылған сөйлемшелер

Осы Шарттың мақсаты үшін және арнайы ескертпелер болмаған кезде:

- (i) "ведомство" Уағдаласушы тарап таңбалар тіркеуді тапсырған агенттікті білдіреді ;
- (ii) "тіркеу" ведомствоның таңбаны тіркегенін білдіреді;
- (iii) "өтінім" тіркеуге берілген өтінімді білдіреді;
- (iv) "тұлғаға" сілтемелер жеке және/немесе заңды тұлғаға жасалатын сілтемелерді білдіреді ;
- (v) "иеленуші" таңбалар тізілімінде тіркеу иеленушісі ретінде көрсетілген тұлғаны білдіреді ;
- (vi) "таңбалар тізілімі" ведомство қалыптастыратын деректердің жиынтығын білдіреді. Тізілім, олар сақталатын көздерге қарамастан тіркеулерге қатысты енгізілген барлық деректер мен барлық тіркеулердің мазмұнын қамтиды;
- (vii) "Париж конвенциясы" 1883 жылғы 20 наурызда Парижде қайта қараулар мен түзетулер ескеріле отырып қол қойылған, Өнеркәсіп меншігін қорғау жөніндегі Париж конвенциясын білдіреді ;
- (viii) "Ницца жіктемесі" Ницца келісімі құрған 1957 жылғы 15 маусымда Ниццада қайта қараулар мен түзетулер ескеріле отырып қол қойылған, Таңбаларды тіркеу мақсаттары үшін тауарлар мен қызметтердің халықаралық жіктемесі туралы жіктемені білдіреді ;
- (ix) "Уағдаласушы тарап" осы Шарттың қатысушысы - кез келген мемлекетті

немесе үкіметаралық ұйымды білдіреді;
(x) "бекіту грамотасына" жасалған сілтемелер құжаттың қабылданғаны және мақұлданғаны туралы сілтемені білдіреді;
(xi) "Ұйым" Дүниежүзілік санаткерлік меншік ұйымын білдіреді;
(xii) "Бас директор" Ұйымның Бас директорын білдіреді;
(xiii) "Нұсқаулық" 17-бапта аталған осы Шартқа арналған Нұсқаулықты білдіреді.

2-бап Шарт қолданылатын таңбалар

(1) [Таңбаларсипаты] (a) Осы Шарт Уағдаласушы тараптардың ішінен көлемді таңбаларды тіркеуге қабылдайтын, осы Шарттың күшін мұндай таңбаларға қолдануға міндетті болатын жағдайда ғана көрнекі белгілеулерден тұратын таңбаларға қолданылады.

b) Осы Шарт жалаңграфикалық таңбаларға және көрнекі белгілеулерден тұратын таңбаларға, атап айтқанда, дыбыстық және иіс таңбаларына қолданылмайды.

2) [Таңбалардың түрлері] (a) Осы Шарт тауарларға/тауарлық таңбалар /немесе қызметтерге/қызмет көрсету таңбалары/немесе тауарлар мен қызметтерге жататын таңбаларға қолданылады.

(b) Осы Шарт, ұжымдық, сертификаттық және кепілдік таңбаларға қолданылмайды.

3-бап Өтінім

(1) [Өтінімдегі немесе онымен қоса жүретін нұсқаулар мен элементтер. Баж] (a) Кез келген Уағдаласушы тарап өтінімде мынадай нұсқаулар мен элементтердің бәрінің немесе кейбіреулерінің болуын талап ете алады:

(I) тіркеу туралы өтініш;

(II) өтінім берушінің аты-жөні және мекен-жайы;

(III) егер ол қандай да бір елдің азаматы болса, өтінім иесі азаматы болып табылатын мемлекеттің атауы; онда оның, болса тұрғылықты жері бар мемлекеттің атауы; өтінім иесінің, болса шын мәнісіндегі және жалған емес өнеркәсіптік немесе сауда кәсіпорны бар аумақтағы мемлекеттің атауы;

(IV) заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық сипаты және мемлекеттің, ал қажет кезінде, егер өтінім беруші заңды тұлға болып табылса, заңдарына сәйкес аталған тұлға құрылған мұндай мемлекеттің құрамындағы аумақтық бірліктің атауы;

(V) егер өтінім берушіде болса, сенім білдірген адамның аты және мекен-жайы;

(VI) егер 4(2)(b) бапқа сәйкес қажеттілігі болса, іскерлік хат жазысудың мекен-жайы;

(VII) егер өтінім беруші мұндай басымдық құқығын пайдаланып қалғысы келсе, Париж конвенциясының 4-бабына сәйкес қажет етілуі мүмкін басымдық туралы мұндай өтінішті қолдау нұсқауларымен және дәлелдемелерімен бірге бұрын берілген

өтінімнің басымдығын сұрайтын өтінім;

(VIII) егер өтінім беруші мұндай күзеттің артықшылығын пайдаланып қалғысы келсе, Уағдаласушы тараптың заңдарына сәйкес қажет етілетін мұндай өтінішті қолдау нұсқауларымен бірге, тауарларды және/немесе қызметтерді экспонаттау нәтижесінен туындайтын қорғауды сұрайтын өтінім;

(IX) егер Уағдаласушы тараптың ведомствосы стандартты рәміздерді пайдаланатын болса, егер өтінім беруші таңбалардың мұндай рәміздерді пайдалана отырып тіркелгенін және жарияланғанын қаласа, - стандартты рәміздерді (әріптер мен сандарды) п а й д а л а н у т у р а л ы ө т і н і м ;

(X) егер өтінім беруші мұндай қорғауды сұрауды қаласа, таңбаның ерекшелік элементі ретіндегі түсін, сондай-ақ қорғауды сұралатын түстің немесе түстердің атауын қорғауды сұрау туралы өтініш және түстердің әрқайсысына байланысты, осы түсте орындалған таңбаның негізгі бөліктеріне нұсқау;

(XI) егер таңба көлемді болып табылса, өтініші;

(XII) таңбаның бір немесе бірнеше бейнесі;

(XIII) таңбаның немесе оның белгілі бір бөліктерінің транслитерациясы;

(XIV) белгінің не оның белгілі бір бөліктерінің аударылуы;

(XV) Ницца жіктемесінің сыныптары бойынша топтастырылған таңбаның тіркелуі сұралатын тауарлардың және/немесе қызметтердің атаулары, бұл ретте әр топтың алдында көрсетілген Жіктеме тәртібімен ұсынылған тауарлардың немесе қызметтердің сол тобы жататын осы Жіктеме сыныбының нөмірі келуі тиіс;

(XVI) (4) тармақта көрсетілген тұлғаның қолы;

(XVII) Уағдаласушы тараптардың заң талаптарына сәйкес таңбаны пайдалану ниеті т у р а л ы ө т і н і ш .

(b) (a)(XVII) тармақшасында аталған таңбаны пайдалану ниеті туралы өтініштің орнына немесе оған қосымша, өтінім беруші таңбаны нақты пайдалану туралы өтініш бере алады және Уағдаласушы тараптардың заң талаптарына сәйкес оның дәлелдемелерін ұ с ы н а а л а д ы .

(c) Кез келген Уағдаласушы тарап, оның ведомствосына берілген өтінімге байланысты баж төленуін талап ете алады.

(2) [Өтінімді ұсыну] Өтінімді ұсыну талабына қатысты бірде-бір Уағдаласушы тарап :

(I) егер (3) тармақ ескеріле отырып, оны Нұсқаулықта көзделген өтінім Бланкісіне сәйкес келетін бланкіде ұсынылған жағдайда, ол қағазда жазбаша түрде ұсынылса;

(II) егер Уағдаласушы тарап өзінің ведомствосына телефакс арқылы хабарлама беруге рұқсат берсе және өтінім (3) тармақ ескеріле отырып, осындай берудің нәтижесінде алынған қағаз көшірмесі (I) тармақшада аталған өтінім Бланкісіне сәйкес келген жағдайда берілген болса, өтінімді қабылдамауына болмайды.

3. [Тілі] Кез келген Уағдаласушы тарап өтінімді оның ведомствосы қабылдаған

тілде немесе тілдердің бірінде жасалуын талап ете алады. Егер оның ведомствосында бірнеше тіл қабылданған болса, осы ведомство қоятын басқа да тілдік талаптардың орындалуын өтінім берушіден талап ете алады, бұл ретте өтінімнің біреуден көп тілде ж а с а л у ы н т а л а п е т е а л м а й д ы .

(4) [Қолы] (а) (1)(а)(XVI) тармақта аталған қол қою өтінім берушінің немесе оның сенім білдірген адамының қолы болуы мүмкін.

(b) Кез келген Уағдаласушы тарап (а) тармақшасын ескермей-ақ (1)(а)(xvii) және (b) тармақтарында аталған өтінішке, егер тіпті оның сенім білдірген адамы болған жағдайда да, өтінім берушінің өзінің қолы қойылуын талап ете алады.

(5) [Бірнеше сыныптарға жататын тауарлар және/немесе қызметтер үшін бір өтінім] Дәл сол бір өтінім бірнеше тауарларға және/немесе қызметтерге, олардың Ницца жіктемесінің бір немесе бірнеше сыныптарына жататынына қарамастан, қатысты бола а л а д ы .

(6) [Нақтыпайдалану] Егер таңбаны пайдалану ниеті жөніндегі өтініш (1)(а)(xvii) тармағына сәйкес берілген болса, кез келген Уағдаласушы тарап ұлттық заңдарда белгіленген мерзімде және Нұсқаулықта жазылған ең аз мерзімді ескере отырып, өтінім берушінің көрсетілген заң талаптарына сәйкес оның ведомствосына таңбаның нақты пайдаланылуына дәлелдер ұсынуын талап ете алады.

(7) [Басқашарттардың орындалуын талап етуге тыйым салу] Бірде бір Уағдаласушы тарап өтінімге қатысты (1)-(4) және (6) тармақтарда көрсетілген айырымдық шарттардың орындалуын талап ете алмайды. Атап айтқанда, өтінімге қатысты оны караудың барлық кезеңі бойына мынадай шарттардың орындалуын талап ете алмайды:

(I) сауда тізілімінен кез келген үзінді немесе куәлікті беруді;

(II) өтінім берушіге өнеркәсіптік немесе сауда қызметін жүзеге асырады деген нұсқауды, сондай-ақ тиісті дәлелдерді беруді;

(III) өтінім берушінің өтінімде тізбеленген тауарлар мен қызметтерге сай қызметті жүзеге асырады деген нұсқауды, сондай-ақ тиісті дәлелдерді беруді;

(IV) таңбаның, Париж конвенциясының *guinguis* 6-бабын қолдануды өтінім беруші сұрайтын жағдайларды қоспағанда, басқа Уағдаласушы тараптың немесе Уағдаласушы тарап болып табылмайтын Париж конвенциясына қатысушы- мемлекеттің тізілімінде тіркелді деген дәлелдерді беруді.

(8) [Дәлелдер] Кез келген Уағдаласушы тарап өтінім бойынша сараптама жүргізу кезінде, егер ведомствода өтінім ішіндегі кез келген нұсқаудың немесе элементтің дұрыстығына қатысты негізделген күдік туатын болса, оның ведомствосына дәлелдер ұсынуды талап ете алады.

4-бап Өкілдік Іскерлік хат жазысу мекен-жайы

(1) [Практикаға жіберілген, сенім білдірілген адам] Кез келген Уағдаласушы тарап оның ведомствосы қолданатын кез келген рәсім мақсаттары үшін сенім білдірілуші ретінде тағайындалған адамның осы ведомство алдында сенім білдірген, практикаға жіберілген адамы болуын талап ете алады.

(2) [Міндетті өкілдік. Іскерлік хат жазысу мекен-жайы]

(a) Кез келген Уағдаласушы тарап өзінің аумағындағы нақты және жалған емес өнеркәсіп немесе сауда кәсіпорны жоқ және онда тұрмайтын тұлғаның, өз ведомствосы қолданатын кез келген рәсім мақсаттары үшін сенім білдірген адамы болып ұсынылуын талап ете алады.

(b) (a) тармақшасының мағынасында өкілдікті талап етпейтін кез келген Уағдаласушы тарап, оның ведомствосы қолданатын кез келген рәсім мақсаттары үшін өзінің аумағындағы нақты және жалған емес өнеркәсіп және сауда кәсіпорны жоқ және онда тұрмайтын тұлғадан осы аумақта іскерлік хат жазысу мекен-жайының болуын талап ете алады.

(3) [Сенімхат] (a) Уағдаласушы тарап өтінім берушінің, иеленушінің немесе кез келген мүдделі тұлғаның өзінің ведомствосы алдында сенім білдірілген адамы ұсынылуына рұқсат беретін немесе талап ететін жағдайларда, ол ондай сенім білдірген адамды өтінім иесінің, иеленушінің немесе басқа да тұлғаның аты және қолы бар бөлек хабарлама (бұдан әрі "сенімхат") арқылы тағайындауды талап ете алады.

(b) Сенімхат онда көрсетілген бір немесе бірнеше өтінімге және/немесе тіркеуге немесе сенім білдірілген адамды тағайындайтын тұлға көрсеткен кез келген ерекшеліктер ескеріліп, осы тұлғаның барлық қолда бар және болашақ өтінімдеріне және/немесе тіркеулеріне қатысты болуы мүмкін.

(c) Сенімхат сенім білдірілген адамның заңдық әрекеттерін белгілі бір дәрежеде құқықтық жағынан шектейді. Кез келген Уағдаласушы тарап сенімхатта сенім білдірілген адамның өтінімді қабылдамай тастау мен немесе белгіні тіркеуден бас тарту құқығына ие екендігіне нақты ескертпе жасауды талап ете алады.

(d) Егер хабарламаны ведомствоға, онда сенім білдірілген адам ретінде аталған тұлға табыс етсе, бірақта ведомство мұндай хабарламаны қабылдау кезінде қажетті сенімхат жоқ болып шықса, онда Уағдаласушы тарап мұндай сенімхатты өзінің ведомствосына Уағдаласушы тараптар белгілеген мерзім ішінде және Нұсқаулықта жазылған ең қысқа мерзімді ескеріп ұсынуды талап ете алады. Егер сенімхат ведомствоға Уағдаласушы тараптар белгілеген мерзім ішінде табыс етілмесе, онда Уағдаласушы тарап аталған тұлғаның хабарламасының күші жоқ деп есептеуі мүмкін.

(e) Сенімхаттың ұсынылуы мен мазмұнына қатысты талаптарға қатысты Уағдаласушы тараптың бірде біреуі:

(i) егер (4) тармақ ескеріліп, ол Нұсқаулықта көзделген сенімхаттың тиісті Бланкісіне сай бланкіде ұсынылған жағдайда ол қағазға түсірілген жазбаша түрде ұсынылса ;

(ii) егер (4) тармақ ескеріліп, осындай ұсыну нәтижесінде алынған қағаз көшірмесі (i) тармақшасында аталған сенімхаттың тиісті Бланкісіне сай бланкіде ұсынылған жағдайда Уағдаласушы тарап өзінің ведомствосына хабарламаны телефакс арқылы жіберуге рұқсат етсе және сенімхат осылайша жіберілсе, сенімхаттың қолданылуын м о й ы н д а м а у ы н а б о л м а й д ы .

(4) [Тілі] Кез келген Уағдаласушы тарап өтінімді оның ведомствосы қабылдаған тілде немесе тілдердің бірінде жасалуын талап ете алады.

(5) [Сенімхатқасілтеме] Кез келген Уағдаласушы тарап өзінің ведомствосына сенім білдірген адамның осы ведомство қолданатын рәсім үшін жасаған кез келген хабарламасында сенім білдірген адамның соның негізінде өз міндетін жүзеге асыратын сенімхатына сілтеме болуын талап ете алады.

(6) [Басқашарттардыорындаудыталапетугетыйымсалуды] Бірде бір Уағдаласушы тарап өтінімге қатысты (3)-(5) тармақтарда қаралатын мәселелерге қатысты осы тармақтарда қаралғаннан өзгеше шарттарды орындауды талап ете алмайды.

(7) [Дәлелдер] Кез келген Уағдаласушы тарап, егер ведомствода (2)-(5) тармақтарда аталған, кез келген хабарлама болатын кез келген нұсқаудың дұрыстығына қатысты негізделген күдік туатын болса, оның ведомствосына дәлелдер ұсынуды талап ете алады.

5-бап Беру күні

(1) [Жолберілерталаптар] (a) (b) тармақшасы мен (2) тармағын ескеріп, Уағдаласушы тарап, 3(3) бапта жазылған мынадай нұсқаулар мен элементтерді:

(I) белгіні тіркеу сұралатын тиісті немесе жобалау нұсқауды;

(II) өтінім берушіні салыстыратын нұсқауларды;

(III) пошта арқылы өтінім берушімен немесе оның сенім білдірілген тұлғасымен байланысты жолға қоюға қажетті нұсқауларды;

(IV) өтінімде сұралған белгі бейнесін мейлінше анық бейнелеу, оны тіркеуді;

(V) тіркеуі сұралатын тауарлардың және/немесе қызметтердің тізбесін;

(VI) Уағдаласушы тараптардың заң талаптарына сәйкес 3(i)(a)(XVII) бапта аталған өтініш немесе 3(1)(b) бапта аталған өтініш пен дәлелдемелерді өз ведомствосы алған күнін өтінім беру күні ретінде белгілейді, бұл ретте егер оны аталған заңнама талап етсе, мұндай өтініштерге сенім білдірген адам болған жағдайда да, - 3(1)(a)(XVII) немесе (b) бабы қолданған жағдайда өтінім берушінің өзі қол қояды.

(b) Кез келген Уағдаласушы тарап өтінім беру күні ретінде оның ведомствосының (a) тармақшасында аталған нұсқаулар мен элементтердің бәрін емес, бір бөлігін ғана алған, немесе 3(3) бапта көрсетілген тілден басқа тілде алған күнін белгілейді.

(2) [Жолберілерқосымшаталаптар] (a) Уағдаласушы тарап беру күнін тағайындалған баж төленгенше белгілемеуін көздеуі мүмкін.

(b) Уағдаласушы тарап (a) тармақшасында аталған талапты, егер ол мұндай талапты осы Шартқа қосылу күніне қолданған жағдайда ғана қолдана алады.

(3) [Түзетулермен мерзімдер] (1) және (2) тармақтарға сәйкестүзетулер енгізу шарты мен мерзімі Нұсқаулықта белгіленеді.

(4) [Басқашарттарорындауды талапетугетыйымсалу] Бірде бір Уағдаласушы тарап беру күніне қатысты (1) және (2) тармақтарда аталғаннан өзгеше шарттарды орындауды талап ете алмайды.

6-бап Бірнеше сыныптарға қатысты тауарларды және/немесе қызметтерді бір тіркеу

Егер Ницца топтастыруының бірнеше тобына қатысты тауарлар мен/немесе қызметтер бір және тап сол өтінімге енгізілсе, онда осы өтінім бойынша бір тіркеу жүргізіледі.

7-бап Өтінімді бөлу және тіркеу

(1) [Өтінімді бөлу] (a), Бірнеше тауарлар және/немесе қызметтер (бұдан әрі "бастапқы өтінім") қамтылған кез келген өтінімді,

(I) ең болмағанда таңбаны тіркеу туралы ведомство шешім қабылдағанға дейін;

(II) ведомствоның таңбаны тіркеген шешіміне қарсы қарсылық білдіруді қарауға байланысты рәсім кезінде;

(III) таңбаны тіркеу туралы шешімге шағым беруге байланысты рәсім кезінде, бастапқы өтінімде тізбеленген тауарлардың және/немесе қызметтердің өтінімдері арасында үлестіру арқылы өтінім беруші немесе оның өтініші бойынша екі немесе бірнеше өтінімге бөлуі мүмкін (бұдан әрі "бөлінген өтінімдер") жүзеге асады. Бөлінген өтінімдерде бастапқы өтінімдегі беру күні және бар болса, оның басымдығы сақталады.

(b) (a) тармақшасын ескере отырып, кез келген Уағдаласушы тарап, өтінімді бөлуге, оның ішінде баж төлеуге қатысты талаптарды белгілеуге ерікті.

(2) [Тіркеуді бөлу] тиісті өзгертулерді ескеріле отырып, (1) тармақ тіркеуді бөлуге қатысты қолданылады. Мұндай бөлу:

(I) үшінші тұлғаның тіркеуді жарамсыз деп таныған талабына байланысты ведомство алдындағы рәсім кезінде;

(II) ведомствоның мұның алдындағы рәсім кезінде қабылдаған шешіміне шағым беруге байланысты рәсім кезінде,

Уағдаласушы тарап, егер оның заңнамасы үшінші тұлғаға таңбаны, оның нақты тіркелгеніне дейін тіркеуге қарсы қарсылық білдіруге рұқсат ететін болса, тіркеуді бөлу мүмкіндігін көздемеген кездегі жағдайда рұқсат етіледі.

8-бап Қол қою

(1) [Қағазғатүсірілгенхабарлама] Егер Уағдаласушы тараптың ведомствосына жіберілген хабарлама қағазға түсіріліп ұсынылса және қол қою талап етілсе,
У а ғ д а л а с у ш ы т а р а п :

- (I) (III) тармақшасын ескере отырып, өз қолымен қол қояды;
- (II) өз қолымен қол қою орнына қол қоюдың басқа түрлерін, атап айтқанда, қол қойылған белгі немесе штемпель, не мөр пайдалануға рұқсат етуге ерікті;
- (III) егер хабарламаға қол қоятын жеке тұлға Уағдаласушы тараптың азаматы болып табылса, және ондай тұлғаның мекен-жайы соның аумағында болса, оның өз қолымен қол қою орнына мөр қолдануын талап ете алады;
- (IV) егер жеке тұлғаның мөрі пайдаланатын болса, мөрде ондай тұлғаның әріппен көрсетілген атының қоса жазылуын талап ете алады.

(2) [Телефакспенберілетінхабарлама] Егер Уағдаласушы тарап хабарламаны өз ведомствосына телефакс арқылы жіберуге рұқсат етсе, егер телефакспен алынған басылымда қолдың бейнесі немесе, (1)(IV) тармаққа сәйкес қажет болғанда мөрі қолданатын жеке тұлғаның атының әріппен көрсетілген мөрінің бейнесі болса, ол хабарламаға қол қойылған деп есептеледі.

(b) (a) тармақшасында аталған Уағдаласушы тарап, бейнесі телефакспен берілген құжаттың оның ведомствосына Нұсқаулықта жазылған ең қысқа мерзім ескеріліп, белгілі бір мерзім ішінде жеткізілуін талап ете алады.

(3) [Электрондықбайланысқұралыменхабарлау] Егер Уағдаласушы тарап оның ведомствосына хабарламаны электрондық байланыс құралы арқылы беруге рұқсат етсе, егер Уағдаласушы тараптың белгілегеніндей, онда хабарламаны электрондық байланыс құралымен жолдаған жіберуші көрсетілген болса, мұндай хабарламаға қол қойылған деп есептелінеді.

(4) [Куәліктіталапетугетыйымсалы] Бірде бір Уағдаласушы тарап кез келген қойылған қолдың немесе алдыңғы тармақтарда аталған басқа да тұлғаны куәландыру құралдарының куәландыруын, нотариаттық куәландырылуын, сендірілуін, заңдастырылуын немесе басқадай куәландырылуын Уағдаласушы тараптың заңнамасы тіркеуден бас тартуға байланысты қол қоюдың куәландырылуын көздеген жағдайдан басқа кезде, талап ете алмайды.

9-бап Тауарлардың және/немесе қызметтердің жіктемесі

(1) [Тауарлардыңжәне/немесеқызметтердіңкөрсетілуі] Өтінімге немесе тіркеуге қатысты ведомство жүзеге асырған және тауарларды және/немесе қызметтерді қамтылған әрбір тіркеу мен кез келген жарияланым Ницца жіктемесінің сыныптары бойынша және аталған Жіктеме тәртібімен топтастырылған осы тауарлардың және/

немесе қызметтердің атауын көрсетеді, бұл ретте әрбір топтың алдында тауарлар мен қызметтердің аталған тобына қатысты топтың нөмірі болуы тиіс.

(2) [Бір немесе сол топтың өзіне немесе түрлі топтарға жататын тауарлар немесе қызметтер] (а) Тауарлар мен қызметтер ведомство жүзеге асырған кез келген тіркеу немесе жарияланым негізінде ұқсас болады деп есептелмейді, олар Ницца жіктемесінің бір және сол тобында көрініс береді.

(b) Тауарлар мен қызметтер ведомство жүзеге асырған кез келген тіркеу немесе жарияланым негізінде бір-бірінен ерекшеленеді деп есептелмейді, олар Ницца жіктемесінің түрлі топтарында көрініс береді.

10-бап Аты-жөнінің немесе мекен-жайының өзгеруі

(1) [Иеленушінің аты-жөнінің немесе мекен-жайының өзгеруі] Егер тіркеудің иеленушісі бұрынғы болып қалса, бірақ оның аты-жөні немесе мекен-жайы өзгерсе, онда әрбір Уағдаласушы тарап тиісті тіркеу нөмірі мен тіркелімге енгізілуі тиіс өзгертуі көрсетіле отырып, иеленуші немесе оның сенімді өкілі қол қойған хабарламада жасалған өзінің таңбалар тізіліміне мұндай өзгертулерді ведомствоның енгізуі туралы өтінішті таниды. Мұндай өтініш беру талаптарына қатысты бір де бір Уағдаласушы т а р а п ,

(I) (с) тармақшасы ескеріле отырып, Нұсқаулықта көзделген тиісті өтініш Бланкісінің бланкісінде берілген жағдайда, егер ол жазбаша түрде қағазға түсіріліп б е р і л с е ;

(II) егер Уағдаласушы тарап оның ведомствосына хабарлауды телефакс арқылы жіберуге рұқсат етсе, және өтініш (с) тармақшасы ескеріле отырып, осындай жіберу нәтижесінде алынған қағаз көшірмесі (1) тармақшасында аталған өтініш Бланкісіне сай келсе, өтініштен бас тарта алмайды.

(b) Кез келген Уағдаласушы тарап өтініште:
(I) иеленушінің аты-жөні мен мекен-жайы;

(II) егер тіркеудің иеленушісінде болса, сенімді өкілдің аты-жөні мен мекен-жайы;

(III) егер тіркеудің иеленушісінде болса, іскерлік хат алмасу мекен-жайы көрсетілуін талап ете алады;

(с) Кез келген Уағдаласушы тарап өтініштің өзінің ведомствосы қабылдаған тілде немесе тілдердің бірінде жасалуын талап ете алады.

(d) Кез келген Уағдаласушы тарап өзінің ведомствосына түскен өтінішке байланысты баж төлеуді талап ете алады.

(е) егер өзгерту бірнеше тіркеуге қатысты болған күннің өзінде, онда тиісті тіркеулер нөмірінің барлығы көрсетілген жағдайда бір өтініш жеткілікті.

(2) [Өтінім берушінің аты-жөні мен мекен-жайының өзгеруі] тиісті өзгертулер ескеріле отырып, өзгеріс өтінімге немесе өтінімдерге, немесе тіркеу не тіркелулерге қатысты

болған кезде, егер тиісті өтінімдердің кез келгеніне нөмір әлі берілмеген немесе ондай нөмір өтінім беруші не оның сенімді өкіліне мәлім болмаған кезде, Нұсқаулықта көрсетілгендей, өтініш мұндай өтінімге теңестірілген жағдайда (1) тармақ қолданылады.

(3) [Сенімді өкілдің аты-жөні мен мекен-жайының немесе іскерлік хат алмасу мекен-жайының өзгеруі] тиісті өзгертулер ескеріле отырып, болса, сенімді өкілдің аты-жөні мен мекен-жайының кез келген өзгеруіне және болса, іскерлік хат алмасу мекен-жайына қатысты кез келген өзгеруге (1) тармақ қолданылады.

(4) [Басқашарттардың орындалуын талап етуге тугетыйымсалы] Бірде бір Уағдаласушы тарап осы бапта аталған өтінішке қатысты 1-3 тармақта аталғаннан өзгеше шарттардың орындалуын талап ете алмайды. Атап айтқанда, мұндай өзгертуді растайтын қандай да бір құжат беруді талап ете алмайды.

(5) [Дәлелдер] Кез келген Уағдаласушы тарап, егер ведомствода өтініште көзделген кез келген нұсқаудың дұрыстығына қатысты негізделген күдік туатын болса, оның ведомствосына дәлелдер ұсынуды талап ете алады.

11-бап Иеленушінің өзгеруі

(1) [Тіркеуді иеленушінің өзгеруі] (а) Тіркеуді иеленуші өзгерген жағдайда әрбір Уағдаласушы тарап жақ тізілімге енгізілуі қажет тиісті тіркеу нөмірлері мен өзгерістерді көрсете отырып бұрынғы иеленуші немесе оның сенімді өкілі не жаңадан болған тіркеуді иеленуші қол қойған хабарламада жасалған өзінің таңбалар тізіліміне ведомствоның мұндай өзгерту енгізу туралы өтінішті таниды.

Мұндай өтініш беру талаптарына қатысты бірде бір Уағдаласушы тарап,

(I) (2)(а) тармақшасы ескеріле отырып, Нұсқаулықта көзделген тиісті өтініш Бланкісінің бланкісіне берілген жағдайда, егер ол жазбаша түрде қағазға түсіріліп берілсе;

(II) егер Уағдаласушы тарап оның ведомствосына хабарлауды телефакс арқылы жіберуге рұқсат етсе, және өтініш (2)(а) тармақшасы ескеріле отырып, осындай жіберу нәтижесінде алынған қағаз көшірмесі (I) тармақшасында аталған өтініш Бланкісіне сай келсе, өтініштен бас тарта алмайды.

(b) Егер иеленушінің өзгеруі келісім-шарт жасау нәтижесі болып табылса, кез келген Уағдаласушы тарап оның өтініште көрсетілуін талап ете алады, онда сұрау салған тараптың таңдауы бойынша мынадай құжаттардың біреуі қоса ұсынылады:

(I) шарттың көшірмесі, бұл орайда мұндай көшірмені мемлекеттік нотариустың немесе кез келген басқа да құзыретті мемлекеттік органның куәландыруы талап етілуі мүмкін;

(II) шарттың тіркеу иеленушісінің өзгеруін көрсететін үзіндісі, бұл орайда мұндай көшірмені мемлекеттік нотариустың немесе кез келген басқа да құзыретті мемлекеттік

органның куәландыруы талап етілуі мүмкін;

(III) Нұсқаулықта жазылған нысан мен мазмұнға сай жасалған және бұрынғы және жаңа иеленушілердің қолдары қойылған таңба құқығын беру туралы расталмаған к у ә л і к ;

(IV) Нұсқаулықта жазылған нысан мен мазмұнға сай жасалған және бұрынғы және жаңа иеленушілердің қолдары қойылған таңба құқығын беру туралы расталмаған қ ұ ж а т .

(с) Егер иеленушінің өзгеруі қосылудың нәтижесі болып табылса, кез келген Уағдаласушы тарап құзыретті органның құрған және мұндай қосылуды дәлелдейтін құжат көшірмесі, мысалы, сауда тізілімі үзіндісінің көшірмесі қоса ұсынылған өтініште оның көрсетілуін талап ете алады, бұл орайда мұндай көшірмені мемлекеттік нотариустың немесе кез келген басқа да құзыретті мемлекеттік органның куәландыруы т а л а п е т і л у і м ү м к і н .

(d) Келісім-шарт жасасу немесе бірігу нәтижесінде қосар иеленушілердің, бірақ бәрінің емес біреуі немесе бірнешеуі өзгерген жағдайда, кез келген Уағдаласушы тарап өзгеруге қатысы жоқ кез келген қосар иеленушінің өзі қол қойған құжатында иеленушіні өзгертуге арнайы келісім болуын талап ете алады.

(е) Егер иеленушінің өзгеруі қосылудың нәтижесі емес, ол басқа себептерден, мысалы заң қолданудан немесе сот шешімінен туындаған болса кез келген Уағдаласушы тарап құзыретті органның құрған және мұндай қосылуды дәлелдейтін құжат көшірмесі, мысалы, сауда тізілімі үзіндісінің көшірмесі қоса ұсынылған өтініште оның көрсетілуін талап ете алады, бұл орайда мұндай көшірмені мемлекеттік нотариустың немесе кез келген басқа да құзыретті мемлекеттік органның куәландыруы т а л а п е т і л у і м ү м к і н .

(f) Кез келген Уағдаласушы тарап өтініште:

(I) бұрынғы иеленушінің аты-жөні мен мекен-жайы;

(II) жаңа иеленушінің аты-жөні мен мекен-жайы;

(III) егер ол қандай да бір мемлекеттің азаматы болып табылса, жаңа иеленуші азаматы болып табылатын мемлекеттің атауы; жаңа иеленушінің, болса, тұрғылықты жері бар мемлекеттің атауы; жаңа иеленушінің, болса, нақты және жалған емес өнеркәсіп немесе сауда кәсіпорны орналасқан мемлекеттің атауы;

(IV) егер жаңа иеленуші заңды тұлға болып табылса, заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық сипаты және мемлекеттің, ал қажет жағдайда заңына сәйкес аталған заңды тұлға құрылған сол мемлекеттің құрамындағы аумақтық бірліктің атауы;

(V) егер бұрынғы иеленушіде ол болса, сенімді өкілдің аты-жөні мен мекен-жайы;

(VI) егер бұрынғы иеленушіде ол болса, іскерлік хат алмасу мекен-жайы;

(VII) егер жаңа иеленушіде ол болса, сенімді өкілдің аты-жөні мен мекен-жайы;

(VIII) егер болуы 4(2)(b) бабына сәйкес талап етілсе, жаңа иеленушінің іскерлік хат алмасу мекен-жайы көрсетілуін талап ете алады.

(g) Кез келген Уағдаласушы тарап өзінің ведомствосына түскен өтінішке байланысты баж төлеуді талап ете алады.

(h) Егер иеленушіні өзгерту бірнеше тіркеуге қатысты болған күннің өзінде, бұрынғы және жаңа иеленуші әрбір тіркеу үшін бір және сол тұлғалар болып табылған және өтініште бұл тіркеулердің нөмірі көрсетілген жағдайда бір өтініш жеткілікті.

(i) Егер иеленушіні өзгерту бұрынғы иеленушінің тіркеуінде тізілген тауарлар мен немесе қызметтердің бәріне бірдей қатысты болмаса, және заңнама ондай өзгерту жөніндегі жазбаны енгізуге рұқсат етсе, ведомство иеленушіні өзгертуге қатысты орын алған тауарлар мен қызметтерге қатысты бөлек тіркеу жүргізеді.

(2) [Тілі.Аудармасы] Кез келген Уағдаласушы тарап (1) тармақта аталған өтініштің, таңба құқығын беру туралы куәліктің немесе мұндай құқықты беру туралы құжаттың оның ведомствосында қабылданған тілде немесе тілдердің бірінде жасалуын талап ете алады.

(b) егер (1)(b)(i) және (ii), (c) және (e) тармағында аталған құжаттар Уағдаласушы тараптың ведомствосында қабылданған тілде немесе тілдердің бірінде ұсынылмаса, онда Уағдаласушы тарап өтінішке талап етілген құжатқа оның ведомствосы қабылдаған тілде немесе тілдердің бірінде жасалған аудармасы немесе куәландырылған аудармасы қоса берілуін талап ете алады.

(3) [Өтінімиеленушісініңөзгеруі] тиісті өзгертулері ескеріле отырып, (1) және (2) тармақтар, егер тиісті өтінімдердің кез келгеніне әлі нөмір берілмесе немесе бұл нөмір өтінім берушіге немесе оның сенімді өкіліне мәлім болмаса, әйткенмен өтініш Нұсқаулықта көрсетілгендегідей теңестірілген болса, иеленушіні өзгерту өтінімге немесе өтінімдерге, немесе өтінімді немесе өтінімдерді тіркеуге немесе тіркеулерге қатысты жағдайларда қолданылады.

(4) [Басқашарттардыорындауғатыйымсалы] Бірде бір Уағдаласушы тарап осы бапта аталған өтінішке қатысты (1)-(3) тармақта аталғаннан өзгеше шарттардың орындалуын талап ете алмайды. Атап айтқанда, мынадай шарттарды орындауды:

(I) (1)(c) тармағының ережелерін ескере отырып, сауда тізілімінінен, үзіндіні немесе кез келген құжатты ұсынуды;

(II) жаңа иеленушінің өнеркәсіптік немесе сауда қызметін жүзеге асыратынын, сондай-ақ тиісті дәлелдеулер ұсынуын көрсетуді;

(III) иеленушінің өзгеруі таралатын тиісті тауарлар мен қызметтерді жаңа иеленушінің асыратынын, сондай-ақ тиісті дәлелдер ұсынуын көрсетуді;

(IV) бұрынғы иеленушінің өз кәсіпорыны мен материалдық активтерін жаңа иеленушіге толықтай немесе жартылай тапсырғанын көрсетуді, сондай-ақ тиісті дәлелдер ұсынуды талап ете алмайды.

(5) [Дәлелдер] Кез келген Уағдаласушы тарап оның ведомствосына дәлелдер, немесе, (1)(c) немесе (e) тармағының ережелері таралатын жағдайларда қосымша дәлелдер ұсынуды, егер ведомствосында осы Бапта аталған өтініште және/немесе

көзделген кез келген нұсқаудың дұрыстығына қатысты негізделген күдік туатын болса талап ете алады.

12-бап Қателерді түзету

(1) [Тіркеуге қатысты қателерді түзету] (а) Әрбір Уағдаласушы тарап оның ведомствосына хабарланған өтініште немесе басқа өтініште жасалған қателерді және тиісті тіркеу нөмірі көрсетіле отырып, тіркеудің иеленушісі немесе оның сенімді өкілі қол қойған хабарламада қамтылған оның ведомствосының жарияланымда көрсетілген түзетілуі тиіс болатын және түзетілуі тізілімге енгізілуі тиіс болатын қателерді түзету туралы өтінішті мойындайды. Мұндай өтініш беру талаптарына қатысты бірде бір
У а ғ д а л а с у ш ы т а р а п :

(I) (2)(a) тармақшасы ескеріле отырып, Нұсқаулықта көзделген тиісті өтініш Бланкісінің бланкісіне берілген жағдайда, егер ол жазбаша түрде қағазға түсіріліп б е р і л с е ;

(II) егер Уағдаласушы тарап оның ведомствосына хабарлауды телефакс арқылы жіберуге рұқсат етсе, және өтініш (2)(a) тармақшасы ескеріле отырып, осындай жіберу нәтижесінде алынған қағаз көшірмесі (I) тармақшасында аталған өтініш Бланкісіне сай келсе, өтініштен бас тарта алмайды.

(b) Кез келген Уағдаласушы тарап өтініште:
(I) иеленушінің аты-жөні мен мекен-жайы;

(II) егер тіркеудің иеленушісінде болса, сенімді өкілдің аты-жөні мен мекен-жайы;

(III) егер тіркеудің иеленушісінде болса, іскерлік хат алмасу мекен-жайы көрсетілуін талап ете алады;

(c) Кез келген Уағдаласушы тарап өтініштің өзінің ведомствосы қабылдаған тілде немесе тілдердің бірінде жасалуын талап ете алады.

(d) Кез келген Уағдаласушы тарап өзінің ведомствосына түскен өтінішке байланысты баж төлеуді талап ете алады.

(e) егер өзгерту бірнеше тіркеуге қатысты болған күннің өзінде, қате мен талап етілетін түзету әрбір тіркеу үшін бір және сол болатын болса және өтініште барлық осы тіркеулердің нөмірі көрсетілген жағдайда бір өтініш жеткілікті.

(2) [Өтінімге қатысты қателерді түзету] тиісті өзгертулері ескеріле отырып, (1) тармақ , егер тиісті өтінімдердің кез келгеніне әлі нөмір берілмесе немесе бұл нөмір өтінім берушіге немесе оның сенімді өкіліне мәлім болмаса, әйткенмен өтініш Нұсқаулықта көрсетілгендегідей теңестірілген болса, иеленушіні өзгерту өтінімге немесе өтінімдерге , немесе өтінімді немесе өтінімдерді тіркеуге немесе тіркеулерге қатысты жағдайларда қ о л д а н ы л а д ы .

(3) [Басқашарттарды орындауғатыйымсалы] Бірде бір Уағдаласушы тарап осы бапта аталған өтінішке қатысты (1) және (2) тармақта аталғаннан өзгеше шарттардың

орындалуын талап ете алмайды.

(4) [Дәлелдер] Кез келген Уағдаласушы тарап, егер ведомствода өтініште көзделген кез келген нұсқаудың дұрыстығына қатысты негізделген күдік туатын болса, оның ведомствосына дәлелдер ұсынуды талап ете алады.

(5) [Ведомствоныңқателері] Уағдаласушы тараптың ведомствосы ex officio немесе қандай* да бір бажды төлемей өз қатесін өтініш етуге байланысты түзейді.

(6) [Түзелмейтінқателер] Бірде бір Уағдаласушы тарап оның заңнамасына сәйкес түзетуге келмейтін кез келген қатеге қатысты (1)(2) және (5) тармақтардың ережелерін қолдануға міндетті емес.

13-бап Тіркеудің қолданыс мерзімі және оны ұзарту

(1) [Тіркеуді ұзарту туралы немесе оған немесе өтініште болатын нұсқаулар немесе элементтер. Баж] (а) Кез келген Уағдаласушы тарап тіркеуді ұзартудың өтініш берген және мұндай өтініште мынадай нұсқаулардың бәрі немесе бірнешеуі болған жағдайда жүзеге асырылуын талап ете алады:

(I) тіркеуді ұзарту жөніндегі өтініш;

(II) тіркеуді иеленушінің аты-жөні мен мекен-жайы;

(III) тиісті тіркеудің нөмірі;

(IV) нәтижесінде тиісті тіркеу жүзеге асырылған өтінім беру күні не Уағдаласушы тараптың таңдауы бойынша - тиісті тіркеуді жүзеге асыру күні;

(V) егер ол иеленушіде болса, сенімді өкілдің аты-жөні мен мекен-жайы;

(VI) егер ол иеленушіде болса, іскерлік хат алмасу мекен-жайы;

(VII) егер Уағдаласушы тарапты таңбалар тізіліміне енгізілген кейбір тауарлар және /немесе қызметтерге қатысты ғана тіркеуді ұзартуды жүзеге асыруға рұқсат берсе және ондай ұзарту сұралған жағдайда тіркеуді ұзарту сұралған тауарлар және/немесе қызметтердің атауы немесе Ницца жіктемесінің сыныптары бойынша топтастырылған тіркеуді ұзарту сұралмаған тізілімге енгізілген тауарлар және/немесе қызметтердің атауы, бұл ретте әрбір топтың алдында аталған Жіктеме сыныптарының тәртібімен ұсынылған тауарлар мен қызметтердің аталған тобына қатысты топтың нөмірі болуы тиіс ;

(IX) иеленуші мен оның сенімді өкілінің қолы, немесе, (VIII) тармақшасы қолданған жағдайда, осы тармақшада аталған тұлғаның қолы.

(b) Кез келген Уағдаласушы тарап тіркеуді ұзарту жөніндегі өтінішке байланысты өзінің ведомствосына баж төлеуді талап ете алады. Тіркеудің бастапқы кезеңі үшін баж төленгеннен кейін немесе тіркеуді ұзартудың кез келген кезеңінен кейін бұл кезең ішінде күшінде болғанда тіркеуді қолдау үшін ешқандай басқа ақы төлеу талап етілмейді. Осы тармақшаның мақсаттары үшін таңбаны пайдалануға қатысты өтініш және/немесе дәлелдер ұсынылуына байланысты баж тіркеуді күшінде ұстау үшін

төленген болып табылмайды және оған осы тармақшаның ережелері таралмайды.

(с) Кез келген Уағдаласушы тарап тіркеуді ұзарту туралы өтініштің ұсынылуын және (b) тармақшасында аталған тиісті баждың Нұсқаулықта көрсетілген ең жақын мерзім ескеріле отырып, Уағдаласушы тараптың заңында белгілеген мерзім ішінде ведомствоға төленуін талап ете алады.

(2) [Өтінішберу] Өтініш беру талаптарына қатысты Уағдаласушы тараптың бір де бір ірі ,

(I) (2)(a) тармақшасы ескеріле отырып, Нұсқаулықта көзделген тиісті өтініш Бланкісінің бланкісіне берілген жағдайда, егер ол жазбаша түрде қағазға түсіріліп берілсе ;

(II) егер Уағдаласушы тарап оның ведомствосына хабарлауды телефакс арқылы жіберуге рұқсат етсе, және өтініш (2)(a) тармақшасы ескеріле отырып, осындай жіберу нәтижесінде алынған қағаз көшірмесі (I) тармақшасында аталған өтініш Бланкісіне сай келсе, өтініштен бас тарта алмайды.

(3) [Тілі] Кез келген Уағдаласушы тарап тіркеуді ұзарту туралы өтініштің оның ведомствосында қабылданған тілде немесе тілдердің бірінде жасалуын талап ете алады.

(4) [Басқашарттардыорындауғатыйымсалы] Бір де бір Уағдаласушы тарап осы бапта аталған өкінішке қатысты (1)-(3) тармақта аталғаннан өзгеше шарттардың орындалуын талап ете алмайды. Атап айтқанда, мынадай шарттарды орындауды:

(I) (1)(с) тармағының ережелерін ескере отырып, сауда тізілімінінен үзіндіні немесе кез келген құжатты ұсынуды ;

(II) жаңа иеленушінің өнеркәсіптік немесе сауда қызметін жүзеге асыратынын, сондай-ақ тиісті дәлелдеулер ұсынуын көрсетуді;

(III) иеленушінің өзгеруі таралатын тиісті тауарлар мен қызметтерді жаңа иеленушінің асыратынын, сондай-ақ тиісті дәлелдер ұсынуын көрсетуді;

(IV) бұрынғы иеленушінің өз кәсіпорыны мен материалдық активтерін жаңа иеленушіге толықтай немесе жартылай тапсырғанын көрсетуді, сондай-ақ тиісті дәлелдер ұсынуды талап ете алмайды.

(5) [Дәлелдер] Кез келген Уағдаласушы тарап, егер ведомствода өтініште көзделген кез келген нұсқаудың дұрыстығына қатысты негізделген күдік туатын болса, оның ведомствосына дәлелдер ұсынуды талап ете алады.

(6) [Нақтыісбойыншасараптамажасауғатыйымсалы] Бір де бір Уағдаласушы тараптың ведомствосы оны ұзарту мақсатында нақты іс бойынша тіркеу сараптамасын жүргізе алмайды .

(7) [Тіркеудіңқолданысмерзімі] Тіркеудің бастапқы қолданыс мерзімі он жыл болады және одан ары қарайғы он жылдық кезеңдерге ұзартылуы мүмкін.

14-бап Болжалды бас тарту жағдайындағы ескертулер

Ведомство өтінімді немесе өтінішті 10-13 баптарға сәйкес, жағдайға байланысты, өтінім берушіге немесе өтініш берген тарапқа ақылға сыйымды мерзім ішінде болжалды бас тартуға қатысты ескертпені ұсынбай тұрып, толық немесе жартылай қабылдаудан бас тарта алмайды.

15-бап Париж конвенциясын сақтау міндеттілігі

Кез келген Уағдаласушы тарап Париж конвенциясының таңбаларға қатысты ережелерін сақтауға міндеттенеді.

16-бап Қызмет көрсету таңбалары

Кез келген Уағдаласушы тарап қызмет көрсету таңбаларына Парижконвенциясының тауар таңбаларына қатысты тиісті ережелерін қолданады және оларды тіркейді.

17-бап Нұсқаулық

(1) [Мазмұны] (а) Осы Шартқа қоса ұсынылған Нұсқаулықта:
(I) тіркелуін осы Шарт әдейі "Нұсқаулықта көрсеткен" талаптарға;
(II) осы Шарттың ережелерін қолдану үшін пайдалы кез келген қосымша
е г ж е й - т е г ж е й л е р г е ;
(III) кез келген әкімшілік талаптарға, мәселелерге немесе рәсімдерге қатысты
е р е ж е л е р м а з м ұ н д а л ғ а н .

(b) Нұсқаулықта сол сияқты Халықаралық үлгі бланкілер де бар.

(2) [ШартпенНұсқаулықарасындағыалшақтық] Осы Шарттың ережелерімен Нұсқаулықтың ережелері арасында алшақтық болған жағдайда Шарттыңережелері қолданылады.

18-бап Қайта қарау. Хаттамалар

(1) [Қайтақарау] Осы Шартты дипломатиялық конференция қайта қарауы мүмкін.

(2) [Хаттама] Таңбалар саласындағы заңдардың үйлесімділігін одан әрі дамыту мақсатында дипломатиялық конференция хаттаманы, егер бұл хаттамалар осы Шарттың ережелеріне қайшы келмесе, қабылдай алады.

19-бап Шартқа қатысу

(1) [Шартқақатысуқұқығы] Халықаралық қатынастардың мынадай субъектілері Шартқа қол қоя алады және (2) және (3) тармақтарды, сондай-ақ 20(1) және (3) баптарды ескере отырып, оның тарабы бола алады:

(I) кез келген мемлекет - таңбаларды оның өз ведомствосы тіркей алатын Ұйым мүшесі ;

(II) осы үкіметаралық ұйымның барлық мүше-мемлекеттері Ұйым мүшелері болып табылған жағдайда, - осындай мақсаттар үшін тиісті өтінімде көрсетілген оған кіретін әр мүше-мемлекеттерде немесе оның сол мүше-мемлекеттерінде осы үкіметаралық ұйымды құратын шарт қолданылатын аумақта әрекет ететін, таңбалар тіркеле алатын ведомствосы бар кез келген үкіметаралық ұйым;

(III) кез келген мемлекет - аталған басқа мемлекеттің Ұйым мүшесі болып табылатын ведомствосы арқылы ғана таңбалар тіркеле алатын Ұйым мүшесі;

(IV) кез келген мемлекет - үкіметаралық ұйымның осы мемлекет мүшесі болып табылатын ведомствосы арқылы ғана таңбалар тіркеле алатын Ұйым мүшесі;

(V) кез келген мемлекет - Ұйымға мүше-мемлекеттер тобының жалпы ведомствосы арқылы ғана таңбалар тіркеле алатын Ұйым мүшесі;

(2) [Бекіту немесе қосылу] (1) тармақта аталған Халықаралық қатынастың кез келген субъектісі :

(I) егер ол осы Шартқа қол қойса, бекіту грамотасын;

(II) егер ол осы Шартқа қол қоймаса, қосылу туралы актіні сақтауға тапсыра алады.

(3) [Сақтауға тапсыру күні] (a) (b) тармақшасы ескеріле отырып, бекіту грамотасын немесе қосылу туралы актіні сақтауға тапсыру күні болып мыналар есептеледі:

(I) (1)(I) тармақта аталған мемлекет жағдайында - мемлекеттің тиісті құжатын сақтауға тапсыру күні ;

(II) үкіметаралық ұйым жағдайында - үкіметаралық ұйымның тиісті құжатын сақтауға тапсыру күні ;

(III) мынадай шарттың орындалған күні: осы мемлекеттің тиісті Құжаты және (1)((IV) тармақта аталған мемлекет жағдайында, - аталған басқа мемлекеттің тиісті құжаты сақтауға тапсырылуы ;

(IV) (1)(IV) тармақта аталған мемлекет жағдайында - жоғарыда аталған (1)(V) тармақшасына сәйкес қолданылатын күн;

(V) (1)(V) тармақта аталған мемлекеттер тобының мүше-мемлекеттері жағдайында - барлық мүше-мемлекеттер топтарының құжаттары сақтауға тапсырылған күн.

(b) Кез келген бекіту грамотасына немесе мемлекеттің қосылуы туралы актіге (осы тармақшада "құжат" деп аталады) өтініш ілестірілуі мүмкін, онда олардың атаулары көрсетіле отырып, сол сияқты осы Шарттың тараптары болу құқығы бар басқа мемлекеттің біреуінің немесе үкіметаралық ұйымның біреуінің құжаты сақтауға тапсырылса немесе басқа мемлекеттің екеуінің құжаты немесе басқа мемлекеттің біреуінің және үкіметаралық ұйымның біреуінің құжаты сақтауға тапсырылса, ол сақтауға тапсырылды деп есептеледі. Осындай өтініш болатын құжат өтініште көрсетілген шарттың орындалған күннен бастап сақтауға тапсырылған деп қаралатын болады. Алайда, егер өтініште көрсетілген құжатты сақтауға тапсыруда, өз кезегінде,

осындай түрдегі өтініш ілесе жүретін болса, ондай құжат соңғы өтініште көрсетілген шарттың орындалған күнінен бастап сақтауға тапсырылды деп есептеледі.

(с) (b) тармақшасына сәйкес жасалған кез келген өтініш кез келген уақытта толықтай немесе жартылай кері қайтарылып алынуы мүмкін. Кез келген мұндай қайтару Бас директордың тиісті хабарламасын алған күннен бастап күшіне енеді.

20-бап Бекітулер мен қосылулардың күшіне ену күні

(1) [Назарға алынатын құжаттар] Осы Баптың мақсаттары үшін 19(1) бапта аталған, халықаралық қатынастар субъектілері сақтауға тапсырған және 19(3) бапқа сәйкес күшіне ену күні бар бекіту грамоталары немесе қосылу туралы актілер ғана назарға а л ы н а д ы .

(2) [Шарттың бастапқы күшіне енуі] Осы Шарт бес мемлекет өздерінің бекіту грамоталарын немесе қосылу туралы актілерін сақтауға тапсырғаннан кейін үш айдан с о ң к ү ш і н е е н е д і .

(3) [Осы Шарт күшіне енгеннен кейін бекітулер мен қосылулардың күшіне енуі] (2) тармақтың ережелері таралмайтын кез келген халықаралық қатынастар субъектісіне қатысты осы Шарт ол өзінің бекіту грамотасын немесе қосылу туралы актісін сақтауға тапсырғаннан кейін үш айдан соң күшіне енеді.

21-бап Ескертпелер

(1) [Таңбалардың ерекше түрлері] Кез келген мемлекет немесе үкіметаралық ұйым 2 (1)(а) және 2(а) бабына қарамастан, ол ұқсастырылған, тыйым салынған немесе туынды таңбаларға 3(1) және (2), 5, 7, 11 және 13 баптарының ешқандай ережелерін қолданбайтындығын ескертпелер арқылы мәлімдей алады. Мұндай ескертпеде жоғарыда аталған ережелердің осындай ескертпеге қатысы барлары көрсетіледі.

(2) [Міндетті шарттар] Кез келген ескертпе (1) тармаққа сәйкес, ескертпе жасайтын тиісті мемлекеттің немесе үкіметаралық ұйымның Шартының бекіту грамоталарына немесе қосылу туралы актілеріне қоса ұсынылатын өтініште жасалады.

(3) [Ескертпелерді алып тастау] (1) тармаққа сәйкес жасалған кез келген ескертпе кез келген уақытта алынып тасталуы мүмкін.

(4) [Басқа ескертпелер жасауға тыйым салу] осы Шартқа (1) тармақта аталған жағдайдан басқа ешқандай ескертпеге жол берілмейді.

22-бап Өтпелі ережелер

(1) [Бірнеше топқа қатысты тауарлар мен қызметтер үшін бір өтінім. Өтінімді бөлу] Кез келген мемлекет немесе үкіметаралық ұйым 3(5) бапқа қарамастан, өтінімнің оның ведомствосына Ницца жіктемесінің бір сыныбына жататын тауарларға немесе

қызметтерге қатысты ғана берілетіндігін мәлімдей алады.

(b) Кез келген мемлекет немесе үкіметаралық ұйым 6-бапқа қарамастан, егер Ницца жіктемесінің бірнеше сыныбына қатысты тауарлар және/немесе қызметтер бір және сол өтінімге енгізілсе, онда осындай тіркеудің әрқайсысында аталған өтінім негізінде жүзеге асырылған барлық басқа осындай тіркеуге сілтеме болса, осы өтінім бойынша таңбалар тізілімінде бірнеше тіркеу жүргізіле алады.

(c) (a) тармақшасына сәйкес өтініш жасаған кез келген мемлекет немесе үкіметаралық ұйым 7(1) бапқа қарамастан өтінімді бөлуге жол берілмейтіндігін мәлімдей алады.

(2) [Бірнеше өтінімдер және/немесе тіркеулер үшін бір сенімхат] Кез келген мемлекет немесе үкіметаралық ұйым 4(3)(b) бабына қарамастан, сенімхаттың бір өтінімге ғана немесе бір тіркеуге ғана қатысты бола алатынын мәлімдей алады.

(3) [Сенімхатқа қойылған қолды немесе өтінімге қойылған қолды куәландыруды талап етуге тыйым салу] Кез келген мемлекет немесе үкіметаралық ұйым, 8(4) бапқа қарамастан, кез келген сенімхаттағы қойылған қолдың немесе кез келген өтінімдегі қойылған қолдың куәландырылуын, нотариаттық куәландырылуын, расталуын, заңдастырылуын немесе басқа да тәсілмен куәландырылуын талап етуі мүмкін екендігін мәлімдей алады.

(4) [Аты-жөні немесе мекен-жайдың өзгеруіне, иеленушінің өзгеруіне немесе қатені түзетуге қатысты бірнеше өтінімдер және/немесе тіркеулер үшін бір өтініш] Кез келген мемлекет немесе үкіметаралық ұйым 10(1)(e), (2) және (3) бабына 11(1)(e) және (3) бабына және 12(1)(e) және (2) бабына қарамастан, аты-жөні және/немесе мекен-жайдың , өзгеруіне қатысты өзгертулер енгізу жөніндегі өтініш және иеленушіге қатысты өзгертулер енгізу жөніндегі өтініш және қатені түзетуге қатысты өтініш тек бір ғана өтінім немесе бір ғана тіркеуге қатысты болатындығын мәлімдей алады.

(5) [Тіркеуді ұзартуға байланысты пайдалануға қатысты өтінімдерді беру және/немесе дәлелдерді ұсыну] Кез келген мемлекет немесе үкіметаралық ұйым, 13(4)(iii) бапқа қарамастан, ол тіркеуді ұзартуға байланысты таңбаны пайдалануға қатысты өтініш беруді және/немесе дәлелдерді ұсынуды талап ете алатындығын мәлімдей алады.

(6) [Тіркеуді ұзартуға байланысты нақты іс бойынша сараптама] Кез келген мемлекет немесе үкіметаралық ұйым, 13(6) бапқа қарамастан, қызметтерге таралатын тіркеудің бастапқы ұзартылуына байланысты оның ведомствосы мұндай сараптаманың осы Шарт күшіне енгенге дейін қызмет көрсету таңбаларын тіркеу мүмкіндігі енгізілген осындай мемлекет пен ұйымның заңнамасы, күшіне енгеннен кейінгі алты айлық мерзім ішінде берілген өтінімдер негізінде жүзеге асырылған көптеген тіркеулерді жоюмен мұндай сараптама шектелген болса, мұндай тіркеуге нақты іс бойынша сараптама жасай алатындығын мәлімдей алады.

(7) [Жалпы ережелер] (a) Мемлекет немесе үкіметаралық ұйым (1)-(6) тармақтарға

сәйкес өтінішті, егер осы Шартқа бекіту грамотасын немесе Қосылу жөніндегі актіні тапсыру күніне оның заңын Қолдануды әлгіндей өтінішсіз жалғастыру осы Шарттың тиісті ережелеріне қайшы келетін жағдайда ғана, жасай алады.

(b) (1)-(6) тармақтарға сәйкес жасалған кез келген өтініш, өтініш жасаған мемлекеттің немесе үкіметаралық ұйымның бекіту грамотасы мен осы Шартқа қосылу туралы актісіне тіркеледі.

(c) (1)-(6) тармақтарға сәйкес жасалған кез келген өтініш кез келген уақытта қайтарылып алына алады.

(8) [Өтінішті қолданысының жойылуы] (a) (c) тармақшасы ескеріле отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы белгілеген тәжірибеге сәйкес дамушы ел немесе үкіметаралық ұйым деп есептелетін, мүшелерінің әрқайсысы сондай мемлекет болып табылатын мемлекеттің (1)-(6) тармақтарға сәйкес жасаған кез келген өтініші осы Шарт күшіне енген күннен кейінгі сегіз жыл өтісімен қолданысын жояды.

(b) (c) тармақшасы ескеріле отырып, (a) тармақшасында аталған мемлекеттен басқа мемлекет немесе (a) тармақшасында аталған үкіметаралық ұйымнан өзге үкіметаралық ұйым (1)-(6) тармақтарға сәйкес жасаған кез келген келісім осы Шарт күшіне енген күннен кейінгі алты жыл өтісімен қолданысын жояды.

(c) Егер (1)-(5) тармақтарға сәйкес 2004 жылғы 28 қазанға дейін жасалған өтініш, (7) (c) тармағына сәйкес қайтарылып алынбаса немесе (a) немесе (b) тармақшаларына сәйкес күшін жоймаса, ол 2004 жылғы 28 қазанда қолданысын жояды.

(9) [Шартқа қатысу] 1999 жылғы 31 желтоқсанға дейін осы Шарттың қабылдану күніне Халықаралық өнеркәсіп меншігін қорғау жөніндегі Париж одағының мүшесі болып табылатын кез келген мемлекет Ұйымның мүшесі болмай тұрып, 19(1)(2) бапқа қарамастан, егер оның таңбаларын өзінің ведомствосы тіркей алатын болса, осы Шарттың қатысушысы бола алады.

23-бап Шарттың күшін жою

(1) [Хабарлама] Кез келген Уағдаласушы тарап Бас директорға жолдаған хабарламасы арқылы осы Шарттың күшін жоя алады.

(2) [Күшіне ену күні] Күшін жою Бас директор хабарламаны алған күннен бастап бір жылдан кейін күшіне енеді. Күшін жою қаралуда жатқан кез келген өтінімге немесе күшін жоятын Тарапқа қатысты тіркелген кез келген таңбаға, аталған кезең өтісімен күшін жоятын Уағдаласушы тарап мұндай тіркеу ұзартуға жататын күннен бастап кез келген тіркеуге осы Шарттың қолданылуын тоқтататын болса, аталған кезеңнің өту күніне қолданылмайды.

24-бап Шарттың тілі. Қол қою

(1) [Түпнұсқалықмәтіндер.Ресми мәтіндер] (а) Осы Шартқа қазақ, араб, ағылшын, орыс, испан, қытай және француз тілдерінде бір данада қол қойылады, әрі барлық мәтіндері толықтай сайма-сай (бірдей).

(b) (а) тармақшасында аталған тілдерден басқа, Уағдаласушы тараптың өтініші бойынша және онымен және кез келген мүдделі Уағдаласушы тараппен кеңескеннен кейін, ресми мәтінді аталған Уағдаласушы тараптың ресми тілі болып табылатын басқа тілде Бас директор әзірлейді.

(2) [Қолқою мерзімі] Осы Шарт оны қабылдағаннан кейінгі бір жыл ішінде Ұйымның штаб-пәтерінде қол қою үшін ашық.

25-бап Депозитарий

Осы Шарт Бас директордың сақтауына тапсырылады.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.